Мерейлі жекеменшік балабақшасы

«Бекітемін»
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
директоры
С.И.Эбиева
«28» тамыз 2024 жыл

2024-2025 оқу жылына арналған «Мерейлі» жекеменшік балабақшасының директоры жанындағы отырыстың жылдық жоспары.

№	Отырыс тақырыбы	Уақыты	Жауаптылар	Орындалысы
1	1.Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындығы. 2.Педагог мамандардың іс-құжаттарын сараптау, бекіту. 3.Ұйқы ашар жаттығу, шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы және жаттығулар кешені. 4.Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту.	қыркүйек	Балабақша директоры С.И.Эбиева	хаттама
2	1.Күн тәртібінің орындалуы. 2.Топтардың санитарлық-гигеналық жағдайы. 3.Топтарда таңертенгі жаттығуларды ұйымдастырудың сапасын тексерудің нәтижесі.	қазан	Балабақша директоры С.И.Эбиева	хаттама
3	1.«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда қолданатын үлестірмелі материалдар көрмесі. 2.Ортаңғы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі ас гигеналық шараларды орындау қорытындысы. 3.«Күз сыйы» көрмесін талдап, бекіту.	қараша	Балабақша директоры С.И.Эбиева	хаттама
4	1.Жаңа жыл ертеңгіліктері өтіуін талдау. 2.Тамақ сапасын талдау. 3.Бірінші жарты жылдық күнтізбелік жоспарларды тексерудің нәтижесі.	желтоқсан	Балабақша директоры С.И.Эбиева	хаттама
5	1.Балабақшаға балалардың қатысу жағдайы.	қаңтар	Балабақша директоры	хаттама

	2.Топтардағы санитарлық-гигеналық талаптардың орындалу жай-күйі. 3.Жаңа жыл мерекелерін ұйымдастырудың сапасы, фото альбом жасау қорыту. 4.Балалардың сурет салу жұмыстарын талдау нәтижесі.		С.И.Эбиева	
6	1.8-наурыз, Жыл басы наурыз мерекелерін талдау. 2.Мамыр мерекелерінің іс-шараларын бекіту. 3.Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту. 4.Кіріс құжаттарын талқылау.	сәуір	Балабақша директоры С.И.Эбиева	хаттама
7	1.Мамыр мерекелерін талқылау. 2.Жаңа оқу жылына дайындық. 3.Кіріс құжаттарын талқылау. 4.№1 педкеңеске дайындық.	мамыр	Балабақша директоры С.И.Эбиева	хаттама

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №1 хаттамасы

20.08.2024 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс зал
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындығы.
2.Педагог мамандардың іс-құжаттарын сараптау бекіту.
3.Үйқы ашар жаттығуы, шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы және жаттығулар кешені.
4.Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша директор жаңа оқу жылына топтардың дайындығы туралы баяндады.

Баяндама барысында барлық топтарда жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілгені айтылды. Тексеру барысында топ бөлмелерінің жабдықталуы, жиһаздардың талапқа сәйкестігі, оқу-әдістемелік құралдардың, көрнекіліктердің, дидактикалық материалдардың толықтығы және дамытушы ортаның ұйымдастырылуы қарастырылды.

«Балапан», «Балдырған», «Құлыншақ» топтарында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу орталықтары ұйымдастырылып, ойын және оқу құралдары ретке келтірілгені анықталды. Сонымен ұатар кейбір топтарда көрнекіліктерді толықтыру және жаңа оқу жылына сәйкес безендіру жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша директор педагог мамандардың іс-құжаттарын сараптау және бекіту жұмыстары туралы ақпарат берді.

Педагогтердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, перспективалық жоспарлары, циклограммалары, тәрбие-білім беру процесіне қажетті құжаттары қарастырылды. Құжаттардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту талаптарына сәйкестігі тексеріліп, педагогтерге жоспарларды дұрыс рәсімдеу, мақсат-міндеттерін нақты белгілеу және балалардың жас ерекшеліктерін ескеру бойынша ұсыныстар берілді.

Барлық педагогтердің оқу жылына арналған іс-құжаттары сарапталып, бекітуге ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша медбике ұйқы ашар жаттығулары мен шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы туралы баяндады.

Баяндама барысында ұйқыдан кейінгі жаттығулардың балалардың ағзасын сергітуге, көңіл-күйін көтеруге, қимыл белсенділігін арттыруға және денсаулықтарын нығайтуға оң әсер ететіні айтылды.

Шынықтыру шараларын жүйелі ұйымдастыру балалардың иммунитетін күшейтуге, аурудың алдын алуға, ағзаның қоршаған орта әсеріне бейімделуін арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Педагогтерге балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаттығулар кешенін дұрыс таңдау, қауіпсіздік талаптарын сақтау және шынықтыру жұмыстарын бірізді жүргізу бойынша кеңестер берілді.

Төртінші мәселе бойынша директор жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспарын таныстырды.

Ата-аналар жиналысының негізгі мақсаты-балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, бала тәрбиесі мен даму бойынша бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру екені айтылды.

Жоспарда ата-аналарды жаңа оқу жылындағы міндеттермен таныстыру, балабақша тәртібі мен қауіпсіздік талаптарын түсіндіру, балалардың денсаулығын сақтау, тәрбиелік бағыттағы жұмыстар және ата-аналармен кері байланыс орнату мәселелері қарастырылған.

Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары талқыланып, бекітуге ұсынылды.

ШЕШІМ:

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп бағалансын, жабдықталуы мен дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жалғастырылсын.

2.Педагог мамандардың іс-құжаттары бекітіліп, олардың уақытылы және талапқа сай жүргізілуі бақылауда ұсталсын.

3.Ұйқы ашар жаттығулары мен шынықтыру шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып, балалардың денсаулығын нығайту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

4.Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары бекітіліп, ата-аналармен бірлескен жұмыстар күшейтілсін.

Төраға: **Эбиева С.И**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №2 хаттамасы

10.09.2024 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс зал
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Күн тәртібінің орындалуы.

2.Топтардың санитарлық-гигеналық жағдайы.

3.Топтардың таңертенгі жаттығуларды ұйымдастырудың сапасын тексерудің нәтижесі.

Бірінші мәселе бойынша директор күн тәртібінің орындалуы бойынша жүргізілген бақылау қорытындысымен таныстырды.

Бақылау барысында барлық топтарда күн тәртібінің сақталуы, балалардың қабылдануы, тамақтану уақыты, оқу қызметтері, серуен, тынығу және ойын әрекеттерінің ұйымдастырылуы қарастырылды.

Тексеру нәтижхесінде «Балапан», «Балдырған», «Құлыншақ» топтарында күн тәртібінің талапқа сай орындалатыны анықталды. Педагогтер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,әрбір режимдік сәтті тиімді ұйымдастырады. Балалардың уақытылы тамақтануы, таза ауада серуендеуі, демалуы әне оқу қызметіне қатысуы бақылауда ұсталады.

Сонымен қатар балалардың өздігінен әрекет етуі жағдай жасау, ойын уақытын тиімді пайдалану және күн тәртібі барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілетіні айтылды.

Екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі топтардың санитарлық-гигеналық жағдайы туралы ақпарат берді.

Тексеру барысында топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, жарықтандырылуы, жиһаздардың орналасуы, ойыншықтардың тазалығы және санитарлық талаптардың орындалуы қарастырылды.

Бақылау нәтижесінде барлық топтарда күнделікті ылғалды тазалаужұмыстары жүргізілетіні, бөлмелердің уақытылы желдетілетіні және санитарлық-гигеналық талаптардың сақталатыны анықталды. Балалардың

қауіпсіздігіне арналған жағдайлар қарастырылып, ойын құралдарының тазалығы мен жарамдылығы тексеріліп отыратыны айтылды.

Педагогтерге топ бөлмелерінің тазалығын сақтау, санитарлық талаптарды орындау және балалардың денсаулығын қорғауға бағытталған жұмыстарды жалғастыру бойынша ұсыныстар беріледі.

Үшінші мәселе бойынша директор топтарда таңертенгі жаттығуларды ұйымдастырудың сапасын тексеру қорытындысымен таныстырды.

Бақылау барысында таңертенгі жаттығулардың күнделікті өткізілуі, жаттығулар кешенінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, педагогтердің жаттығуды ұйымдастыру әдістері және балалардың белсенді қатысу деңгейі қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде барлық топтарда таңертенгі жаттығулар жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды. Педагогтер балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және дене дағдыларын жетілдіру мақсатында әртүрлі жаттығуларды қолданады.

«Балапан» кіші тобында қарапайым қимыл жаттығулары мен ойын элементтері қолданылса «Балдырған», «Құлыншақ» топтарында балалардың белсенділігін арттыру және қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша ұсыныстар берілді.

ШЕШІМ:

1.Топтарда күн тәртібінің орындалуы талапқа сай жалғастырылсын.

2. Балалардың күн тәртібі барысында қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталсын.

3.Топтардың санитарлық-гигеналық жағдайын сақтау, тазалық және желдету жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

4.Таңертенгі жаттығуларды ұйымдастыру сапасы жетілдіріліп, балалардың қимыл белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №3 хаттамасы

10.10.2024 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс зал
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда қолданатын үлестірмелі материалдар көрмесі».

2.Ортаңғы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулар және түскі ас кезіндегі гигеналық шараларды орындау қорытындысы.

3.«Күз сыйы» көрмесін талдап бекіту.

Бірінші мәселе бойынша директор «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда қолданылатын үлестірмелі материалдар көрмесі» туралы баяндады.

Көрме барысында педагогтердің балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған дидактикалық және үлестірмелі материалдар қарастырылды. Материалдардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, мазмұндылығы, қолдану тиімділігі және оқу қызметінде пайдалану мүмкіндіктері талданды.

Тексеру нәтижесінде педагогтердің оқу қызметінде түрлі көрнекіліктерді, логикалық тапсырмаларды, санауға, салыстыруға, топтастыруға, есте сақтау мен ойлау қабілеттерін дамытуға арналған материалдарды тиімді қолданылатыны анықталды. Үлестірмелі материалдар балалардың қызығушылығын арттыруға және өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталғаны атап өтілді.

Педагогтерге үлестірмелі материалдарды үнемі жаңартып, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып қолдану ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша директор ортаңғы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулар мен түскі ас кезіндегі гигеналық шаралардың орындалу қорытындысымен таныстырды.

Бақылау барысында «Балдырған» ортаңғы тобында таңғы жаттығулардың жүйелі ұйымдастырылуы, балалардың жаттығуларға белсенді қатысуы және педпгогтің жаттығуларды дұрыс ұйымдастыруы қарастырылды.

Таңғы жаттығулар балалардың денесін шынықтыруға, қимыл белсенділігін арттыруға және денсаулықтарын нығайтуға бағытталғаны анықталды. Педагог балалардың жас ерекшеліктеріне сай қарапайым жаттығулар кешенін қолданып, қимылды ойын элементтерін енгізетіні айтылды.

Сонымен қатар түскі ас кезіндегі гигеналық шаралардың орындалуы қарастырылды. Балалардың қол жуу, тазалық сақтау, ас ішу мәдениеті,үстел басындағы тәртіп ережелерін сақтау дағдылары қалыптасып келе жатқаны анықталды. Педагогтердің балаларға жеке тазалық дағдыларын үйрету жұмыстары жүйелі жүргізілетіні атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша директор «Күз сыйы» көрмесін ұйымдастыру және бекіту туралы ақпарат берді.

Көрменің мақсаты-балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғаттың күз мезгіліндегі ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту, ата-аналармен бірлескен шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру екені айтылды.

Көрмеге көкөністерден, жемістерден, табиғи материалдардан жасалған шығармашылық жұмыстар ұсынылып, әр топтың белсенді қатысқаны атап өтілді. Педагогтер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы балалардың еңбекке қызығушылығы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға мүмкіндік жасалғаны айтылды.

«Күз сыйы» көрмесінің жоспары талданып, бекітуге ұсынылды.

ШЕШІМ:

1.Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған үлестірмелі материалдарды оқу қызметінде тиімді пайдалану жалғастырылсын.

2.Педагогтер үлестірмелі материалдарды жаңартып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай қолдануды қамтамасыз етсін.

3.Ортаңғы топтпрда таңғы жаттығулар мен гигеналық шараларды орындау жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

4.Балалардың мәдени-гигеналық дағдыларын қалыптастыру бойынша тәрбие жұмыстары күшейтілсін.

5.«Күз сыйы» көрмесінің жоспары бекітіліп, іс-шараны сапалы ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №4 хаттамасы

10.01.2025 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс зал
Төраға: директор Эбиева С.И
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Жаңа жыл ертеңгіліктерінің өтуін талдау.
2.Тамақ сапасын талдау.
3.Бірінші жарты жылдық күнтізбелік жоспарларды тексерудің нәтижесі.

Бірінші мәселе бойынша директор жаңа жылдық ертеңгіліктердің өту қорытындысы туралы баяндады.

Баяндама барысында балабақшада өткізілген жаңа жылдық мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуы деңгейі талқыланды. Барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мерекелік бағдарламалар дайындалып, ертеңгіліктер жоспарға сай өткізілгені айтылды.

Мерекелік шараларда балалар тақпақтар айтып, әндер орындап, билер билеп, түрлі ойындарға қатысты. Педагогтер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мерекелік көңіл-күй қалыптастыруға және әр баланың белсенді қатысуына жағдай жасағаны атап өтілді.

Жаңа жылдық ертеңгіліктердің безендірілуі, музыкалық сүйемелденуі, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және ата-аналармен бірлескен жұмыстар оң бағаланады.

Екінші мәселе бойынша медбике балалардың тамақтану сапасы туралы ақпарат берді.

Баяндама барысында балабақшада балалардың тамақтануы бекітілген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылатыны айтылды. Ас мәзірінің талапқа сай орындалуы, тағамдардың сапасы, дайындалу технологиясының сақталуы және санитариялық-гигеналық талаптардың орындалуы қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде ас блогында тазалық талаптары сақталатыны, азық-түліктердің дұрыс сақталуы қамтамасыз етілетіні және балаларға ұсынылатын тағамдардың сапасын тұрақты бақылау жүргізілетіні анықталды.

Сонымен қатар балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру, ас ішу кезінде тазалық сақтау, өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын дамыту жұмыстары жалғасып жатқаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша директор бірінші жарты жылдық күнтізбелік жоспарларды тексеру нәтижесімен таныстырды.

Тексеру барысында педагогтердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, оқу қызметтерінің жоспарлануы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, білім беру міндеттерінің орындалуы қарастырылды.

Бақылау нәтижесінде педагогтердің жоспарлары талапқа сай жүргізілетіні, оқу қызметтері жүйелі жоспарланып, балалардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және дене дағдыларын дамытуға бағытталғаны анықталды.

Педагогтерге жоспарларды уақытылы толықтыру, оқу қызметінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру бойынша ұсыныстар берілді.

ШЕШІМ:

1.Жаңа жылдық ертеңгіліктердің өткізілуі қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру тәжрибесі жалғастырылып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары күшейтілсін.

3.Балаларды сапалы тамақтандыру және санитариялық талаптарды сақтау жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталсын.

4.Бірінші жарты жылдық күнтізбелік жоспарларды жүргізу талапқа сай деп танылып, педагогтердің жоспарлау жұмыстары жалғастырылсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №5 хаттамасы

10.02.2025 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс зал
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Балабақшадағы балалардың қатысу жағдайы.

2.Топтардағы санитарлық-гигеналық талаптардың орындалуы жай-күйі.

3.Жаңа жыл мерекелерін ұйымдастырудың сапасы, фото альбом жасау қорытындысы.

4.Балалардың сурет салу жұмыстарын талдау нәтижесі.

Бірінші мәселе бойынша директор балабақшадағы балалардың қатысу жағдайы туралы ақпарат берді.

Баяндама барысында топтардағы балалардың күнделікті қатысуы, себепті және себепсіз келмеген балалардың есебі қарастырылды. Балалардың балабақшаға тұрақты қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналармен байланыс орнату және балалардың денсаулық жағдайын бақылдау жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Балалардың қатысу көрсеткішін жақсарту мақсатында ата-аналармен кері байланыс орнату, баланың себепсіз қалмауын бақылау және денсаулық сақтау шараларын сақтау қажеттілігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша директор топтардағы санитарлық-гигеналық талаптардың орындалу жай-күйі туралы баяндады.

Бақылау барысында топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, жарықтандырылуы, жиһаздардың қауіпсіздігі, ойыншықтардың тазалығы және санитарлық талаптардың сақталуы қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде барлық топтарда күнделікті тазалық жұмыстары жүргізілетіні, бөлмелердің уақытылы желдетілетіні және санитарлық-гигеналық талаптардың сақталатыны анықталды. Педагогтер мен кіші қызметкерлерге балалардың денсаулығын сақтау мақсатында тазалық талаптарын тұрақты орындау қажеттілігі түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша директор жаңа жыл мерекелерін ұйымдастыру сапасы және фото альбом жасау қорытындысы туралы баяндады.

Жаңа жыл мерекелерінің барлық топтарда жоспарға сәйкес ұйымдастырылғаны, балалрдың жас ерекшеліктеріне сай мерекелік бағдарламалар дайындалып, жоғары деңгейде өткізілгені айтылды.

Мерекелік іс-шаралар барысында балалардың шығармашылқ қабілеттері көрсетіліп, ән айту, би билеу, тақпақ айту және ойындарға қатысу арқылы белсенділіктері артқаны атап өтілді.

Өткізілген іс-шаралардың барысы фото және бейнематериалдар арқылы жинақталып, фото альбом жасалғаны, оның балабақшаның тәрбиелік және шығармашылық жұмыстарын көрсетуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Төртінші мәселе бойынша директор балалардың сурет салу жұмыстарына жүргізілген талдау нәтижесімен таныстырды.

Талдау барысында балалардың сурет салу қабілеттері, шығармашылық белсенділігі, түстерді таңдауы, ұсақ қол моторикасының дамуы және тапсырмаларды орындау деңгейі қарастырылды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сурет салу жұмыстарында әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылатыны, педагогтердің балалардың қиялын дамытуға және өз ойын шығармашылық арқылы жеткізуге жағдай жасайтыны айтылды.

Педагогтерге балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін қолдау, сурет салу барысында еркіндік беру және түрлі бейнелеу әдістерін қолдану ұсынылды.

ШЕШІМ:

1.Балалардың балабақшаға қатысу жағдайы тұрақты бақылауда ұсталсын, ата-аналармен байланыс жұмыстары күшейтілсін.

2.Топтарда санитарлық-гигеналық талаптардың орындалуы жүйелі түрде жалғастырылсын.

3.Жаңа жыл мерекелерін ұйымдастыру тәжірибесі сараланып,фото альбом жинақтау жұмыстары жалғастырылсын.

4.Балалардың сурет салу қабілеттерін дамытуға бағытталған шығармашылық жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №6 хаттамасы

10.03.2025 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс зал
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1. 8 наурыз және Жыл басы-Наурыз мерекелерін талдау.
2. Мамыр мерекелерінің іс-шараларын бекіту.
3. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
4. Кіріс құжаттарын талқылау.

Бірінші мәселе бойынша директор 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні және Жыл басы-Наурыз мерекелерінің өткізіліуі қорытындысы туралы баяндады.

Баяндама барысында балабақшада аталған мерекелерге арналған іс-шаралардың жоспаоға сәйкес ұйымдастырылғаны айтылды. Барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай мерекелік бағдарламалар дайындалып, әндер, билер, тақпақтар, ұлттық ойындар және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды.

8 наурыз мерекесі барысында балалардың аналарға, әжелерге деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Ал Наурыз мерекесінде ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыру, ұлттық ойындар арқылы балалардың мәдени құндылықтарға қызығушылығын қалыптастыру жұмыстары жүргізілгені атап өтілді.

Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуы, безендіріуі және педагогтердің дайындығы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Екінші мәселе бойынша директор мамыр айындағы мерекелерге арналған іс-шаралар жоспарын таныстырды.

Жоспарда 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр-Жеңіс күніне арналған тәрбиелік іс-шаралар қарастырылғаны айтылды.

Іс-шаралардың мақсаты-балаларға достық, бірлік, Отанға деген сүйіспеншілік, үлкендерді құрметтеу және патриоттық тәрбие беру. Әр топтың жас ерекшеліктеріне сәйкес әңгімелер, тақпақтар, әндер, шығармашылық жұмыстар және танымдық ойындар ұйымдастыру жоспарланған.

Ұсынылған іс-шаралар жоспары талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша медбике мен директор жазғы сауықтыру шараларының жоспары туралы баяндады.

Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, таза ауада көбірек уақыт өткізу, қимылды ойындар мен спорттық шараларды өткізу бағыттары қарастырылды.

Жоспарда күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, су және ауа арқылы шынықтыру шаралары, таңғы жаттығулар, серуен жұмыстарын тиімді пайдалану, балалардың қауіпсіздігін қамтамассыз ету мәселелері қамтылғаны айтылды.

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын сақтау және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру басты назарда болатыны атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша директор кіріс құжаттарының қарастырылуы туралы ақпарат берді.

Балабақшаға келіп түскен бұйрықтар, хаттар, әдістемелік ұсыныстар және басқа да құжаттар талданып, олардың мазмұны жауапты қызметкерлерге таныстырылды.

Кіріс құжаттарын уақытылы тіркеу, орындау мерзімдерін сақтау және тиісті жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігі айтылды. Құжат айналымын талапқа сай жүргізу бойынша жауапты тұлғаларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ШЕШІМ:

1.8 наурыз және Наурыз мерекелерінің өткізілуі қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.Мамыр мерекелеріне арналған іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар сапалы ұйымдастырылсын.

3.Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, балалардың денсаулығын нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

4.Кіріс құжаттарының уақытылы орындалуы және құжат айналымының талапқа сай жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №7 хаттамасы

10.05.2025 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс зал

Төраға: директор Эбиева С.И.

Хатшы: Қылышбаева Қ.О.

Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Мамыр мерекелерін талқылау.
2.Жаңа оқу жылына дайындық.
3.Кіріс құжаттарын талқылау.
4.№1педагогикалық кеңеске дайындық.

Бірінші мәселе бойынша директор мамыр айындағы мерекелерге арналған іс-шаралардың қорытындысы туралы баяндады.

Баяндама барысында 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр-Жеңіс күніне арналған іс-шаралардың жоспарға сәйкес өткізілгені айтылды.

Барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай әңгімелер, тақпақтар, әндер, шығармашылық жұмыстар және патриоттық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Балаларға достық, бірлік, Отанды сүю, үлкендерді құрметтеу құндылықтары түсіндірілді.

Мерекелік іс-шаралардың тәрбиелік мәні жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны және педагогтердің белсенді жұмыс жасағаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша директор жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндады.

Жаңа оқу жылына дайындық барысында топ бөлмелерінің жағдайын ретке келтіру, оқу-әдістемелік құралдарды толықтыру, дамытушы ортаны жаңарту, көрнекіліктерді дайындау және педагогтердің оқу жылына арналған жоспарларын әзірлеу мәселелері қарастырылды.

Барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, қажетті құрал-жабдықтарды дайындау және қаусіздік талаптарын сақтау жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Педагогтерге жаңа оқу жылына қажетті құжаттарды уақытылы дайындау және оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша директор кіріс құжаттарының қарастырылуы туралы ақпарат берді.

Балабақшаға келіп түскен бұйрықтар, хаттар, әдістемелік нұсқаулықтар және басқа да құжаттар талданып, жауапты қызметкерлерге таныстырылды.

Құжаттарды уақытылы тіркеу, орындау мерзімдерін сақтау және тиісті жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігі айтылды. Кіріс құжаттарымен жұмыс жүргізу тәртібін сақтау бойынша жауапты тұлғаларға тапсырмалар берілді.

Төртінші мәселе бойынша директор №1 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары туралы баяндады.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі, қарастырылатын мәселелер, баяндамалар және дайындық жұмыстары талқыланды. Педагогикалық кеңесте жаңа оқу жылына дайындық, оқу-тәрбие прцесін ұйымдастыру, педагогтердің міндеттері және жұмыс жоспарлары қарастырылатыны айтылды.

Педагогтерге қажетті материалдарды дайындау, ұсыныстар енгізу және педагогикалық кеңеске белсенді қатысу тапсырылды.

ШЕШІМ:

1.мамыр мерекелеріне арналған іс-шаралардың өткізілуі қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.

3.Кіріс құжаттарының уақытылы орындалуы және талапқа сай жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

4.№1 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары сапалы ұйымдастырылсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**